

МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ЭТНОМЕДИЦИНАЛЫҚ ЛЕКСИКА: ҚЫЗМЕТІ МЕН АУДАРМАДА БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Б.Е. Боранкулова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан,

Қазақстан

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының докторанты

E-mail: b_bakit@mail.ru

Түйіндеме. Мақаланың мақсаты - романдағы халықтың медицина лексикасының қызметін анықтап, оның ағылшын және орыс тілдеріндегі аудармасының берілу тәсілдеріне салыстырмалы талдау жасау.

Тіл білімі маманы Қ. Ғабитханұлы американдық ғалым, лекикограф Уилфред Джон Фанктың «Word Origins and Their Romantic Stories» атты еңбегіне сүйене келіп, оның тіл мен мәдениет байланысы туралы айтқан мына бір үзіндісін келтіреді: «Тілдегі лексика құдды айна тәрізді, ол арқылы бір ұлттың өткен өмірімен танысуға болады». Сол сияқты халық медицина лексикасы ұлттың тарихымен, оның материалдық мәдениетінің дамуымен тікелей байланысты.

Жұмыс барысында Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы халықтық медицинаға қатысты лексика жинақталып, анықталған медицинаға қатысты сөздер мен сөз тіркестеріне тарихи-этимологиялық және лексико-семантикалық талдау жасалды. Сонымен қатар, романдағы этномедициналық лексиканың қызметі қарастылырып, олардың ағылшын және орыс тілдеріндегі аударма нұсқаларын аудармашылық параллельдік салыстыру арқылы қолданылған аударылу тәсілдері мен аударма сәйкестіктері зерделенді.

Зерттеу нәтижесінде автор романында медициналық лексика халықтың діни-нанымдары мен әдеп-ғұрыптары байланысты емдеу түрлеріне (жел ұшық, үшкіру, дем алу, қасида оқу), адамның белгілі бір сәттегі психологиялық күйі-қалпын дәл беру үшін метафораланған медициналық лексиканың қолданғаны анықталды.

Романдағы халықтық медициналық лексиканы ағылшын және орыс тіліне аудару кезінде транслитерация, сипаттамалы аударма арқылы берілген.

Кілт сөздер: халықтық медицина лексикасы, метафора, этнолингвистика, рухани құндылық, аударма тәсілдері.

Автор туралы қысқаша мәлімет

Боранкулова Бакитгуль Ержигитовна, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының 2-курс докторанты.

Этномедицинская лексика в роман-эпосе Мухтара Ауэзова

«Путь Абая»: функции и приемы перевода

Б.Е. Боранкулова

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан,
Казахстан*

Докторант кафедры теории и практики переводческого дела

Аннотация. Целью статьи является определение функций народной медицинской лексики в романе, сравнительный анализ способов передачи ее перевода на английском и русском языках.

Ученый К. Габитханулы приводит следующую цитату о связи и культуре из труда «Word Origins and Their Romantic Stories» американского ученого, лексикографа Фанка Джон Уилфреда: «Тілдегі лексика құдды айна тәрізді, ол арқылы бір ұлттың өткен өмірімен танысуға болады». Поэтому, мы можем сказать, что народная медицинская лексика напрямую связана с историей нации, развитием его материальной культуры.

В ходе работы была сформирована лексика по народной медицине в романе-эпосе Мухтара Ауэзова «Путь Абая», проведен историко-этимологический и лексико-семантический анализ слов и словосочетаний, выявленных медицинских слов и словосочетаний. Кроме того, была рассмотрена функция этномедицинской лексики в романе, изучены их переводческие приемы и соответствие перевода.

Ключевые слова: народная медицинская лексика, метафора, этнолингвистика, духовная ценность, переводческие приемы.

Functions of folk medical vocabulary in the novel of M. Auevov “Abai Zholy” (The path of Abai)

B.E. Borankulova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

e-mail: b_bakit@mail.ru

Abstract. The purpose of the article under study is to determine the functions of folk medical vocabulary in the novel, a comparative analysis of the ways of its translation in English and Russian.

Scientist K. Gabitkhanuly gives the following quote about the relationship of language and the culture from the work "Word Origins and Their Romantic Stories" of the American scholar, lexicographer Funk John Wilfred: «Vocabulary of language is like a mirror which reflects the life of ethnicity». Therefore, we can say that the folk medical vocabulary is directly related to the history of the nation, the development of material culture of any ethnicity.

Keywords: folk medical vocabulary, metaphor, ethnolinguistics, spiritual value, translation techniques.

Кіріспе

Тарих шежіресіне назар аударсақ, Орта Азияның атақты дәрігерлері Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина медицина терминдерінің негізін қалыптастырды.

Қазақ тілі медицина лексикасының дамуына қазақ ағартушылары Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов өз шығармаларында қазақтың төл сөздері мен халық арасынынан жинап-терген медициналық лексиканы қолдана отырып, медицина терминологиясының дамуына зор үлес қосты.

Шоқан Уәлиханов кезінде қолжазбасында *желұшық, сынап, елті, балгер, жауырынышы, құмалақшы* сынды халық медицинасының сөздерін пайдаланған [1, 180 б.].

Қазақтың халық медицина лексикасын, жалпы медицина терминдерін зерттеуде ХХ ғасырдың соңына қарай тіл мамандарымен (Аяпбергенова К.) қоса, салалық мамандар (А. Алдашев, А. Рақышев, М. Ахметов) үлес қосты.

Зерттеуші З. Қожалымов «Халықтық шипагерліктің мәдени бастаулары және емдік дәстүрлері» (*Шипагерлік дәстүрі және философиясы*) атты ғылыми еңбегінде қазақ медицина лексикасы қолданыс аясының басталу кезеңін бұдан бес ғасыр бұрын шипагер Өтебойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегіндегі медицина туралы тәжірибесі дәлелдейтіндігін жазады. Автор ғұлама шипагер «Шипагерлік баян» еңбегінде *сырқаттардың науқастық атаулық аталғылық шұбыртқысын* да, әр түрлі сырқаттардың пайда болатын негізіндегі *нақты анықтамасы, сырқаттаулық шұбыртқысы, қорасан, дуылдақ миль, шығулық, жазымдаулық, зәндемелік, сірескілер, ата – аналық айқасқы аласталғылар/ күдеулік, сасай және шашырандылар* тәрізді төл сөздердің қолданғандығы туралы баяндай отырып, бұл сөздерге қазіргі медицина терминдерінің ұғымдарын қоса береді [2, 8 б.].

Әдістеме

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолын» бүкіл дүние жүзі таныған, қазақ халқының тарихын, өмірін, салт-дәстүрін бейнелейтін, ұлы шығарма екені белгілі. М. Әуезовтың шығармалары негізінде Е. Жанпейсов қазақ тілінің этномәдени лексикасын (оның ішінде халықтық медицина лексикасы да

бар), бірлескен авторлар Абай шығармаларының тілін қамтитын сөздік жасап, ұлы тұлғаның халықтың мәдениетіне, әдебиетіне, ойы мен тіліне қосқан үлесін көрсетеді.

Мақаланың мақсаттарының бірі «Абай жолы» роман-эпопеясында кездесетін медицинаға қатысты лексика қарастырылып, оның көркем шығармадағы қызметін анықтауға бағытталды.

Жұмыс барысында Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы халықтық медицинаға қатысты лексика жинақталып, анықталған медицинаға қатысты сөздер мен сөз тіркестеріне тарихи-этимологиялық және лексико-семантикалық талдау жасалды. Сонымен қатар, романдағы этномедициналық лексиканың қызметі қарастылырып, олардың ағылшын және орыс тілдеріндегі аударма нұсқаларын аудармашылық параллельдік салыстыру арқылы қолданылған аударылу тәсілдері мен аударма сәйкестіктері зерделенді.

Талқылау

Тіл білімі маманы Қ. Ғабитханұлы американдық ғалым, лексикограф Уилфред Джон Фанктың «Word Origins and Their Romantic Stories» атты еңбегіне сүйене келіп, оның тіл мен мәдениет байланысы туралы айтқан мына бір үзіндісін келтіреді: «Тілдегі лексика құдды айна тәрізді, ол арқылы бір ұлттың өткен өмірімен танысуға болады» [3, 5 б.].

Этномедицина элементтері – халықтық ем-домдар, бақсы-балгерлер шаралары, емдік дәрі-дәрмек атаулары белгілі бір этностың тарихымен, оның материалдық мәдениетінің дамуымен тікелей байланысты болғандықтан мындаған жылдар ішінде ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп, халық арасында таралып келген. Олардың ішінде ұлттың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрімен байланысты аздаған мәліметтері ғана әдеби шығармалар мен этнографиялық еңбектерде кездестіруге болады.

Шығармада қазақ халқының материалдық және рухани құндылықтарын қамтитын лексиканың ішінде этномедицина лексикасын да кездестіруге болады. Зерделенген сөздер мен сөз тіркестердің ішінде жалпы қолданыстағы (мүкіс, соқыр, көк тамыр, ауру, лоқсу, запыран, зәр, аш өзек, індет, іш ауру, оба) және халықтың діни-нанымдары мен әдеп-ғұрыптары байланысты емдеу түрлеріне (іш құста болу, ұшықтау, үшкіру, қоспа, ішірткі жазу, құшынаш, бақсы, балгер, қойдың өкпесімен қағу) қолданылған.

Бірінші кітаптың «Қайтқанда» атты тарауында оқудан келген жас Абайдың ел ішіндегі әділетсіздікті, заңсыздықты көріп, ауыр жағдайға соғады, қамығады. Оны автор былай береді:

1-мысал

-Немене, қарағым? Ұшындың ба, әлде,-деп, бірдеңе білгісі келіп еді, Ұлжан: -Ұшынған зой, тимейік. Жатып ұйықтап тұрсын,-деп, малшы қатын Қатшаны шақырып ап. [4, 47 б.]

2-мысал

Алғашқы күндер біреу «ұшынған» деп, біреу «соқпа» деп, тағы біреу «сүзек» деп, әр түрлі топшылағанмен, дәл басқан ешкім жоқ. [4, 50 б.]

Бұл екі мысалдағы *ұшыну* немесе *ұшығу* сөзі медицина саласының ғалымы А. Алдашевтың еңбегі бойынша халық емшілерінің таза сақталмаған асқа жын-шайтан қонып, адам науқастанады деген сенімі бойынша пайда болған [5, 23 б.]. Екінші бір деректе *ұшық* пен *ұшыну* түрлі қаскөй зиянкестердің тамақты арамдап кетуінен болады [6, 47 б.].

Жұрттың құлағы мүкіс әжесі өзіне айтылған әзілінен кейін Абайдың көңілі түспесін деген оймен, құлағына ем салса, сауығатындай кейіп танытқанын суреттеу үшін М. Әуезов халық емінің келесідей түрін қолданады:

-Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады, - деді. [4, 22 б.]

Үшкіру халықтың діни нанымынан пайда болған, құран сөзін немесе аятты айту арқылы емшілердің, тәуіптердің ұшынған адамды емдеу тәсілі.

«Үшкіру, ішірткі жазу, қасида оқу» молдалықтың ел үйренген дағдысы екені рас. [4, 22 б.]. Автор халықтық медициналық сөздер атау қызметін атқарып, ел арасында сырқаттың кеселіне ем болатындығына үміт артатындығы, алайда Абайдың көңіліне қонбайтындығын меңзейді.

Жоғарыдағы талданған халықтың діни-нанымдары мен әдеп-ғұрыптары байланысты емдеу түрлеріне қатысты лексика адамның белгілі бір сәттегі психологиялық күйі-қалпын дәл беру немесе номинациялық қызметін атқаратындығын айтуға болады.

Енді романдағы этномедициналық лексиканың ағылшын және орыс тілдеріндегі аударма нұсқаларын аудармашылық параллельдік салыстыру арқылы қолданылған аударылу тәсілдері мен аударма сәйкестіктері қарастыралық.

Қай тілде болмасын медициналық лексиканың, нақты айтқанда терминдердің лексикалық-семантикалық дублеттері және диалекттердің болуы экстралингвистикалық, әдет-ғұрпы мен мәдениетімен байланысты.

Ағылшын немесе орыс тілтанымында жоқ медициналық лексика қазақ халқының көне заманнан өз емдеу іс-шараларының немесе медицинасының болғанын көрсетеді. Аталған тілдік – мәдениетаралық ерекшеліктер реалий сөздер деп аталатындығы белгілі.

Реалия – сөздердің анықтамасы мен түрлеріне қатысты болгар ғалымдарының С. Влахов және С. Флорин бірнеше (баламасыз лексика, экзотизм, варваризм, алиенизм, фондық лексика, этнографизм, локализм, лакуна) жағдайды талдай келе, келесі тұжырым келеді: «это слова (и словосочетания), называющие объекты, характерные для жизни (быта, культуры, социального и исторического развития) одного народа и чуждые другому, будучи носителями национального и/или исторического колорита, они, как правило, не имеют точных соответствий (эквивалентов) в других языках, и, следовательно, не поддаются переводу на общем основании, требуя особого подхода» [7, 47 б.].

Сондықтан аудармашыға тілді жетік білу жеткіліксіз. Бір тілден екінші тілге аударма жасау барысында басты мән берілетіні – аялық білім. Ол тарихи-мәдени, әлеуметтік-мәдени, этникалық-мәдени, семиотикалық фондарды қамтиды. Этникалық мәліметтердің тілде қолданылуы, басқа тілге аударылуы кезінде бұлжымай орындалатын өзіндік ережелері болады. Аудармашы осындай аялық білімді терең меңгергенде, оның жұмысы көңілге қонымды, оқуға түсінікті болады. Сол себепті халқымыздың әртүрлі салт-дәстүрлеріне қатысты мәліметтерді зерттеп-зерделеп отыру да аудармашының біліктілігін арттыратын тәсілдердің бірі.

Аялық білімді құрайтын реалий-сөздерді бір тілден екінші тілге аударудың тәсілдері қандай деген сұраққа келетін болсақ, тағы да жоғарыдағы болгар ғалымдарына сүйене отырып, реалияларды аударуда кездесетін негізгі 2 қиындықты атап көрсететінін атап өтейік: 1) бір тілде бар объекті атауының екінші тілде (ұқсастығының, баламасының) болмауы; 2) реалияның семантикасымен қатар колоритін (коннотациясын) беру қажеттігі. Алайда, «аударылмайтын сөз жоқ». Сондықтан аудармашы өзінің жалпы теориялық біліміне, аялық біліміне, тәжірибесіне, ішкі түйсігіне сүйеніп және сөздің контекстуалдық жағдайына қарай, реалияларды аударудың тиімді тәсілдерін аудармашы өзі таңдауы тиіс.

С. Влахов және С. Флорин транскрипция және аударма (ауыстыру) тәсілдерін ұсынады.

Аударма (ауыстыру) тәсілін 3 топқа бөледі:

1 Неологизм жасау: калькалау, жартылай калькалау, адаптациялау, семантикалық неологизм;

2 Жуық аударма: тектік-түрлік сәйкестік арқылы, функционалдық ұқсастық, сипаттау, түсіндіру, анықтамасын беру.

3 Контекстуалды аударма

Мақалада Мұхтар Әуезовтың «Абай жолын» романының А. Кимнің орыс тіліндегі және Л. Наврозовтың ағылшын тіліндегі аудармаларындағы халықтық медициналық лексикасының берілуін салыстырып, талдап көрелік:

Түпнұсқа:

– Сорлы бала қыста *іш құста* болып қалған-ау, – деседі. [4, 15 б.]

Орыс тілінде:

– Апырай! Как же парнишка торопится в аул!

– Видать, за зиму *изголодала до костей тоска* по дому. [8, 3 б.]

Ағылшын тілінде:

Poor boy! He must have been *dying from boredom* in that madrassah all winter! [9, 17 б.]

Іш құста болу немесе *іш құса болу* қазақ тілінде адамның психикалық күйін білдіретін соматикалық фразеологизм, яғни уайымдау, қайғылану. Орыс тіліне метафоралық аударма арқылы жасалған. Ағылшын тіліндегі нұсқасында аудармашы *to die of boredom* идиомасы арқылы бейнелік мағынасы арқылы семантикалық аудармамен берген.

Түпнұсқа:

-*Үшкірсе*, мына балаң *молда* болып келді ғой. *Үшкірт* балаңа, - деп Айғыз күлді. [4, 22 б.]

Орыс тілінде:

– А почему бы нам не попробовать? – весело поддержала старшую мать красавица Айгыз. – Вот, внук пусть и *подует*. Ведь Абай вернулся к нам почти что *муллой!* [8, 19 б.]

Ағылшын тілінде:

“That’s good,” laughed Aigiz, “your grandson is already a mullah; let him *blow* if it helps!” [9, 30 б.]

Үшкірсе-үшкіру халықтық медициналық сөзінің орыс тіліндегі аудармасын баламалау арқылы *подуть-үрлеу* жәй етістігімен тәржімалаған. Алайда, семантикалық жағынан халық емінің сыры аса түсіндірілмегендей көрінеді.

Ағылшын тіліндегі нұсқасы да орыс тілінен калькаланып, *to blow* мағыналы етістігімен аударылған.

Түпнұсқа:

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,

Басасың аяғыңды нықтап-нықтап,

Кәрі әжем естімейді, нана берсін,

Берейін өлеңіммен шын *ұшықтап...*- деп келіп, тағы да «*су-ф-ф!*» деп қойды. [4, 23 б.] *Орыс тілінде:*

Как пташка к югу стремится полёт,

Так ты слышишь, прекрасная, вперед...

Не слышит бабушка – пусть с верой ждёт:

Я излечу ее моим стихом!

Когда он закончил и снова шумно выдохнул бабке в ухо: «*суф-ф-ф!*» [8, 21 б.]

Ағылшын тілінде:

But tarry a while, why hurry away

Like a bird on the wing to the south on its way?

And Granny can't hear a word that I say-

But stilt she is waiting for me to pray!

“*Su-uff*” he *blew into* her ear again [9, 31 б.]

Түпнұсқадағы *ұшықтап-ұшықтау* реалий сөзін А. Ким орыс тіліне *лечить* етістігінің арқылы аурудан толық айығу мағынасын *излечить* нұсқасымен контекстуалдық аударма жасаған. Мұндағы *из* қосымшасы бірнәрсені соңына дейін жеткізу іс-қимылын білдіреді. Сонымен қоса, бір жол өлеңнің адекватты аудармасы да берілген.

Ағылшын тіліндегі аудармасы өлеңнің әдеби адекватты аудармасы сақталғанымен *ұшықтап* лексикасы түсіп қалған. Бірақ *blew into* етістігімен және “*Su-uff*” магиялық еліктеу элементінің транслитерациясы оның орнын компенсациялап тұрғандай.

Қорытынды

Сонымен, жоғарыдағы талқылаған мысалдардан Мұхтар Әуезовтың «Абай жолын» романының ағылшын және орыс тілдеріндегі нұсқаларын

аудармашылар Л. Наврозов пен А. Ким шығарманың адекватты тәржімасын беруге тырысқанымен онда қолданған қазақ халқының медицинасына қатысты лексика немесе реалий сөздерді беруде кезінде транслитерация, семантикалық аударма, калька және компенсация тәсілдері пайдаланылған. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі аударма тікелей түпнұсқадан емес, жанама, яғни орыс тілінен аударылғанын автордың өзі де атап кетеді. Бұл құбылыс, әрине, түпнұсқада берілген ақпараттан біршама алшақ қалатынын атап өтуге болады.

АЛҒЫС

Мақала дайындау барысында мақаланың стиліне назар аударуға және кейбір деректерді анықтауға қол үшін берген ғылыми жетекшім филология ғылымдарының докторы Г.А. Муратоваға алғысымды білдіремін

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1985. 409 б.
2. Қожалымов З. Шипагерлік дәстүрі және философиясы. Монография. Алматы: Шалкөде, 2009. 225 б.
3. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. Алматы: Арыс, 2006. 168 б.
4. Мұхтар Әуезов. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. Алматы: Жеті жарғы, 1997. 315 б.
5. Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992. 160 б.
6. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы: РПК «Слон», 2012. Б. 47 (иллюстрацияланған).
7. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе / С.И. Влахов, С.П. Флорин. М: Международные отношения, 1980. 343 с.
8. Ауезов М. Путь Абая / Пер. А. Кима. Алматы : ИД «Жибек жолы», 2012. 568 с.
9. Mukhtar Aueзов. Abai. A novel. Book One. Moscow: Foreign Publishing House.